

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 31 мамыр N 742

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының кейбір заң
актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен
толықтырулар енгізілсін:

1. "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Z970094_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 8, 84-құжат; 1999 ж., N 13, 431-құжат, N 23, 921-құжат):

1) 21-баптың 2-тармағы "ортақ шаруашылық" деген сөздердің алдынан "кемінде бес жыл" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 29-баптың 2-тармағының 1) тармақшасындағы "мен меншік иесінің алынбаған" деген сөздерден кейін "расталған" деген сөзben толықтырылсын;

2) тармақшадағы "жаңа" деген сөз "техникалық нормаларға сәйкес келетін" деген сөздермен аудастырылсын;

3) 1 1 6 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

"жаңа" деген сөз "техникалық нормаларға сәйкес келетін" деген сөздермен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

төртінші бөліктегі "жаңа" деген сөз "техникалық нормаларға сәйкес келетін" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2-тармақтағы "жаңа" деген сөз "техникалық нормаларға сәйкес келетін" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

4) мынадай мазмұндағы 119-1-баппен толықтырылсын:

"119-1-бап. Қазақстан Республикасының астанасында мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер участекелерін қайтарып алумен (сатып алумен) байланысты тұрғын үйді бұзған кезде меншігіне тұрғын-үй берудің ерекшеліктері

Қазақстан Республикасының астанасында мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер участекелерін қайтарып алған (сатып алған) кезде қайтарып алынатын (сатып алынатын) жер участекесінде орналасқан меншік иесінің таңдауымен үйдің нарықтық құнының мөлшерінде өтемақы төленеді не егер азаматтарға заңмен өзге де женілдік нормалары кепілдік етілмесе, меншігіне оның пайдалы алаңы қайтарып алынатын (сатып алынатын) тұрғын-үйдің (пәтердің немесе үйдің) пайдалы алаңының аспауы тиіс жайластырылған тұрғын үй-жай (пәтер немесе тұрғын үй) беріледі.

Бұрынғы меншік иесіне (жалдаушыға) меншігіне (жалға) сол немесе басқа жер участекесінде бұзылған тұрғын үй-жайлардың орнына жаңадан салынған тұрғын үйлерде басқа тұрғын үйлер беру осы Заңның 115-бабында көзделген шарттық міндеттемелерге орай салуышының келісімімен ғана жүзеге асырылады."

2. "Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 20 мамырдағы Z980230_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 7-8, 79-құжат):

1) 3-баптың 4-тармағы мынандай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) мемлекеттік қажеттіліктер үшін жерді қайтарып алу (сатып алу) туралы шешімдер қабылдайды, бұл ретте жер участекелерінің меншік иелері немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушылар алдағы сатып алуға дейін үш айдан кешіктірмей ол туралы зандарда белгіленген тәртіппен жазбаша хабарландырылуы тиіс";

2) мынадай мазмұндағы 3-1-баппен толықтырылсын:

"3-1-бап. Жер қатынастарын реттеудің ерекшеліктері

1. Мемлекеттік қажеттіліктер үшін сатып алу тәртібімен жер участекелерін қайтарып алуға меншік иелері немесе жер пайдаланушылар ескерту алған қуннен бастап үш ай өткенге немесе олардың келісімімен ғана жол беріледі. Егер меншік иелері немесе жер пайдаланушылар олардан жер участекелерін мемлекеттік қажеттіліктер үшін сатып алу туралы шешіммен келіспесе не олармен сатып алынатын жердің бағасы немесе басқа шарттар туралы келісімге келмесе, астананың атқарушы органдары үш ай өткеннен кейін жер участекесін сатып алу туралы сотқа қуынуына болады.

2. Сатып алынатын жер участекесінің бағасын анықтаған кезде оған жер участекесінің немесе оған құқықтың және онда орналасқан жылжымайтын мүліктің нарықтық бағасы

, сондай-ақ меншік иесі үй бұзылатын жылы алмаған расталған кірісі қосылады."

3. "Жер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 24 қантардағы Z010152_Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 4, 21-құжат):

1) 67-баптың 2-тармағындағы бірінші сөйлемдегі "жер пайдалануышыға"

және екінші сөйлемдегі "жер пайдаланушы" деген сөздерден кейін "егер заң актілерімен өзгеше көзделмесе," деген сөздермен толықтырылсын;

2) 69-баптың 2-тармағы "бағаны анықтау кезінде" деген сөздерден кейін "егер заң актілерімен өзгеше көзделмесе," деген сөздермен толықтырылсын;

3) 70-баптың екінші бөлігі "жер пайдалануышына" деген сөздерден кейін "егер заң актілерімен өзгеше көзделмесе," деген сөздермен толықтырылсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Икебаева А.Ж.